

**А. М. Сайтбеков, академия бастығының кадр жұмысы жөніндегі орынбасары,  
заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі  
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)**

## **ТҰЛҒАНЫҢ ТӘРБИЕСІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ**

Тәрбие кездейсоқ оқиға емес, ол қоғамның пайда болуына тән қасиет. Тәрбие — жеке тұлғаның санасына, мінез-құлқының дұрыс қалыптасуына әсер ететін құрал. Оқытушының еңбек құралдарының өзіндік ерекшеліктері болады — бұл оның білімі, білігі, іскерлігі және тұлғалық қасиеті. Оқытушы оқыту мен тәрбиелеу ісінде кәсіптік деңгейі және ұстаздық шеберлігі жоғары болу үшін педагогикалық-психологиялық арнайы зерттеулер негізінде айқындалған педагог мамандығына тән іскерлік пен дағдыларды меңгеруі тиіс. Өйткені, педагогтік іс-әрекет өте динамикалық жүйе, оның өзіндік арнайы құрылымы бар. Олар бірнеше бөліктерден тұрады: танымдылық, коммуникативтік қарым-қатынас, ұйымдастырушылық, хабарлама және зерттеушілік іскерліктер мен дағдылар.

Танымдық іскерлік, ең алдымен, жеке бастың интеллектуалдық мүмкіндігі, мамандық еңбегінің негізі болып саналады. Танымдық іскерлікті қалыптастыру үшін адамның қабылдау, зейін, ойлау, елес, ес, т. б. психикалық қасиеттерінің дамуы қажет. Мысалы, адамның байқағыштығы, өзін-өзі бақылауы, кездескен жағдайда дұрыс таба білуі, ойлау процесінің дамуы үшін талдау жасау, салыстыру, сәйкестігін ажырату, нақтылай білу, жинақтау, қорытынды жасау сияқты дағдылардың болуы қажет. Бұл қасиетке сапалар үнемі жаттығуы, адамның өзін-өзі тәрбиелеуі, оқу-білім алуы, еңбек процесі барысында тұтас қалыптасатын іскерлік.

Құра білу (конструктивтік) іскерлігі — оқу-тәрбие жұмысын модельдеу, жоспарлау, композициялық материалдарды іріктеп алумен сипатталады. Білім алушылардың деңгейлері мен дара ерекшеліктеріне сай, оқу тәрбие процесінің материалдық базасына сәйкес жұмысты ретті ұйымдастыра білу. Бұл іскерлікті меңгеру үшін интеллектуалдық қасиет, қабілет қажет. Алдағы жұмысты жоспарлау, жобалау, алдымен ойлау, салыстыру, болжам жасау, технологиялық, логикалық ойлау қабілеттерімен тікелей байланысты. Қарым-қатынас іскерлігі — бұл оқытушының педагогикалық процестің барысында адамдармен қарым-қатынас жасауға үйретуі. Қарым-қатынас тәсілдері ол алдымен, сөз сөйлеу әдісін, қимыл-бет құбылысын игере білуден басталады. Коммуникативтік іскерлікті тәрбиелеу үшін адам, ең алдымен, басқа адамды түсіне білуі, тани білуі және өзін де таныта, түсіндіре білуге үйретуі керек. Екіншіден, өзінің ой-пікірін, көңіл-күйін, көзқарасын, мақсатын, сөйлескен әрі пікірлескен адамға, ұжымға түсіндіре білуге және оларды да түсіне білуге үйретуі қажет. Үшіншіден, адамдармен қарым-қатынас барысында қажет болған жағдайда бет-бұрыс жасау сияқты мүмкіндіктерді басқара білу, оң шешім таба білу. Осылардың нәтижесінде оқытушыда қарым-қатынас жасауға бейімділігі және ептілігі бар, адамдармен оңай тіл табыса алатын, тез араласа алатын жеке бастың қасиеті қалыптасады. Педагогикалық іс-әрекет дегеніміз — оқытушының оқу-тәрбие істерін нәтижеге жеткізетін әрекеттер құрылымы.

Оқытушының шеберлігі педагогикалық іс-әрекетті жоғарғы педагогикалық мамандық негізінде басқара білу.

Педагогикалық іс-әрекеттер мынадай құрылымдардан тұрады: іс-әрекет мақсаты, іс-әрекет объектісі, іс-әрекет субъектісі, іс-әрекет құралы. Аталған іс-әрекет құрылымдары бір-бірімен байланысты кешенді жүзеге асырылып іс-әрекеттің компоненттері де болды.

Осы аталған іс-әрекеттер компоненттері де болып табылатын іс-әрекет мақсаты, объектісі, субъектісі және іс-әрекет құралдарын жеке-жеке алып қарайтын болсақ: іс-әрекет мақсаты — білім алушыларды жан-жақты тәрбиелеуді көздейді.

Жан-жақты тәрбиелеу — тәрбие жұмысын кешенді жүзеге асыруды қажет етеді.

Кешенді жүргізу адамгершілік, еңбек, эстетикалық, дене, экономикалық, экология, ақыл-ой тәрбиелерін тұтас бір-бірімен ұштастыра жүргізу болып табылады.

Тәрбие жұмысын кешенді жүргізу тәрбиеленушілердің санасына да, мінез-құлқына да, олардың тіршілік қызметіне де бір мерзімде ықпал жасауға мүмкіндік береді.

Тұлғаны жан-жақты дамыту болашақ маманның қызметінің алуан түрлі: өндірістік, қоғамдық, саяси, рухани адамгершілік салаларында барлық қабілет дарындарын дамытуды қарастырады.

Іс-әрекет объектісі — тұлғаның қалыптасуының объективтік негізін — қоғамның материалдық-техникалық базасы, қоғамдық қатынастар, тұрмыс салалары, табиғи орта және адамның туа біткен қасиет-нышандары сияқты адамдардың еркі мен санасына тәуелді емес факторлар құрайды.

Тұлғаның жанасқан нәрселерінің бәрі — адамдар, заттар, табиғаттың және айнала қоршаған қоғамдық өмірдің құбылыстары. Осының барлығы оның санасы мен мінез-құлқына, оның рухани дүниесіне ізін қалдырады. Тұлға қоғамның белсенді мүшесі ретінде қалыптасады. Сөйтіп, тұлғаның әрқайсысы қайталанбайтын дара ерекшеліктерімен көзге түседі.

Сондықтан тұлғаға арналған педагогикалық іс-әрекетті шығармашылық негізінде ұйымдастыра білуді қажет етеді.

Тұлғаның тәрбиесіне педагогтық іс-әрекеттің объективтік жағдайлары қоршаған өмірде әсер етеді. Сондықтан тәрбие жұмысында өзін-өзі тәрбиелеу жұмыстарын айналадағы объективті өмірмен байланысты үйлестіре жүргізген жөн.

*Іс-әрекет субъектісі* — білім алушыларға тәрбие жөнінен әсер етушілер: педагогтар, педагогикалық ұжым және қоғам болып табылады.

Хабарласу іскерлігі жеке педагогикалық іскерлік болып бөлінеді. Көбіне қатынас құралы ретінде қарастырылады. Себебі, қарым-қатынас хабарлама материалынсыз болуы мүмкін емес. Ақпараттық іскерлік оқу-тәрбие процесінің оптималдығын арттыруда шешуші орын алады. Оқу-білім материялын терең жан-жақты білу, оқу әдістерін меңгеру, барлық хабарлама құралдарын пайдалану дағдысының болуын талап етеді. Бұл іскерлік оқытушыдан дауысты үйлестіре білуді, көңіл-күй сезімімен сөйлеуді, сөздің құдіретті күшін және дауыс үнін, бет-қимылды меңгере білуді талап етеді. Сөйлеу, әңгімелесу, көрсете отырып түсіндіру, пікірлесу, тыңдау, сұрақ-жауап айту тәсілдерін қолдану арқылы тыңдаушының зейінін аудару — оқытушының педагогикалық іс-әрекетіне қажет іскерлік.

Ұйымдастырушылық іскерлік — бұл оқытушы еңбегінің бөлінбейтін үнемі жүріп отыратын маңызды саласы. Педагогикалық процесті басқарудың негізгі шарты. Бұл барлық педагогикалық іскерлікті бір-бірімен байланыстырып басқаратын іскерлік.

Ұйымдастырушылық іскерліктің өзіндік белгілері бар. Олар: жұмысты анықтау, мақсатын белгілеу, жұмысты талап ету, тапсырма беру, тапсырылған жұмысты бақылау, орындалуын ұйымдастыру, орындалған жұмысты қорытындылау, бағалау, есеп беру, нақтылы объектіге зейін қоя білу, кездесетін кедергіні тез арада болдырмауға психологиялық ахуал туғыза білу, іске қызығушылықпен кірісу, басқаларға жағымды ықпал жасау іс-әрекеттерінен құралады.

Зерттеушілік іскерлік — әрбір педагогикалық құбылысқа ғылыми тұрғыдан қарауды, ғылыми болжам жасауды, жобалау және эксперимент жүргізуді жоспарлауды, сонымен қатар оқытушы озат тәжірибені де, өзінің тәжірибесінде жинақтауды, оларға теориялық-тәжірибелік негізде талдау жасауды және оқу процесіне ендіруді қамтиды. Жоғарыдағы аталған мамандық — педагогтік іскерлік, білім шеңбері жинақталып, оқытушының жеке басының қасиет-сапаларын ашып беруге мүмкіндік жасайды. Оқытушының жеке басын сипаттайтын қасиеттер: кәсіби бағыттылығы, ғылыми көзқарасы, идеялық сенімі, саяси-қоғамдық азаматтық белсенділігі, адамгершілік қатынасы.

Сондықтан да тәрбиенің мәнісі, біріншіден, қоғам үшін саналы, белсенді азаматты қалыптастыру болса, екіншіден, жеке адам үшін оны өмір сүре білуге, өзін қоршаған ортамен қарым-қатынас жасай білуге үйрету.